| 338. | Төлеутай Ақшолақов | – | (1915-2010 жж.) Педагог-ғалым, әдіскер-ұстаз. Педагогика ғылымының докторы, профессор, «Қазақ тілі мен әдебиет» журналының тұңғыш редакторы. Көптеген әдістемелік оқу құралдары, зерттеу, монографиялардың авторы. |
| 339. | Иван Яроцкий | – | (1916-1980 жж.) Кеңес Одағының Батыры. Ленин орденін және "Алтын Жұлдыз" медалінің иегері. |
| 340. | Сүлеймен Ибрагимов | – | (1916-1980 жж.) ҰОС ардагері. «Даңқ» орденімен, «Красного Замени» ордені, «Ұлы Отан соғысы» І және ІІ дәрежелі орденімен марапатталған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 341. | Баубек Бұлқышев | – | (1916-1944 жж.) Қазақтың белгілі жазушысы. |
| 342. | Шоқыр Бөлтеков | – | (1916-1994 жж.) Қазақтан шыққан тұңғыш боксшы, «қазақ боксының атасы». Қазақстанның еңбегі сіңген жаттықтырушысы. |
| 343. | Хамит Ерғалиев | – | (1916-1997 жж.) Қазақ ақыны, Қазақстанның халық жазушысы. |
| 344. | Сергей Седнев | – | (1917-1975 жж.) Кеңес Одағының Батыры. |
| 345. | Қайым Мұхамедханов | – | (1916-2004 жж.) Белгілі Абайтанушы. Ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, әрі алғашқы текстологы, ұстаз, ақын, жазушы, драматург. |
| 346. | Кәукен Кенжетаев | – | (1916-2008 жж.) Қазақ КСР-нің халық әртісі. |
| 347. | Ғалиева Гүлжиһан | – | (1917-1982) Қазақстанның халық әртісі (1968), актриса, көркемсөз оқушы. |
| 348. | Халифа Алтай | – | (1917-2003 жж.) Қазақ жазушысы және антрополог, түркітанушы, теолог. |
| 349. | Сағынғали Сейітов | – | (1917-2007 жж.) Ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі. |
| 350. | Бәйкен Әшімов | – | (1917-2010 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері. |
| 351. | Хадиша Бөкеева | – | (1917-2011 жж.) кино және театр актрисасы, КСРО халық әртісі. |
| 352. | Куддус Кужамьяров | – | (1918-1994 жж.) Совет, қазақ, ұйғыр композиторы, педагог, қоғам қайраткері. |
| 353. | Қасым Қайсенов | – | (1918-2006 жж.) Қазақстанның Халық Қаһарманы, көрнекті жазушы. |
| 354. | Қартбай Бекжанов | – | (1918-1942 жж.) Ұлы Отан соғысына қатысушы, "Ленин" орденінің иегері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 355. | Нұркен Әбдіров | – | (1919-1942 жж.) Әскери ұшқыш-штурмовик, сержант, Кеңес Одағының Батыры. |
| 356. | Қазыбек Нұржанов | – | (1919-1945 жж.) Кеңес Одағының Батыры. Барлаушылар взводының командирі, аға сержант. |
| 357. | Рүстембек Омаров | – | (1919-1988 жж.) Күйші, домбырашы. Қазақстанның халық әртісі. |
| 358. | Әмина Өмірзақова | – | (1919-2006 жж.) Кеңестік және қазақстандық кино және театр актрисасы. Қазақ КСРнің Халық әртісі. |
| 359. | Трофим Клименко | – | (1919-2003 жж.) Кеңес Одағының Батыры. |
| 360. | Сәли Шәкірова | – | (1919 - 2008 жж.) Социалистік Еңбек Ері. |
| 361. | Виктор Гутовский | – | (1919 – қайтыс болған жылы белгісіз) Ұлы Отан соғысының ардагері. 1941 жылы Қазақ ССР Зайсан ҚӘК әскери қызметке шақырылды. 1-ші гвардиялық ауыр артиллериясының 14 гвардиялық әскери инженерлік батальоны 1-ші инженерлік ротасының взвод командирі, гвардия лейтенанты. «Кеңес Одағының Батыры» атағына екі мәрте ұсынылған. «Қызыл Ту» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды. |
| 362. | Қабыкен Жарылғасынов | – | (1920 – қайтыс болған жылы белгісіз) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 121-ші жеке гвардиялық Сандомир саперлік батальонының сапері, гвардия ефрейторы. Ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» және «Қызыл Ту» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. |
| 363. | Жұбан Молдағалиев | – | (1920-1988 жж.) Ақын, жауынгер, публицист, аудармашы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 364. | Бақтыораз Бейсекбаев | – | (1920-1941 жж.) Халық Қаһарманы. Ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгері. |
| 365. | Сұлтан Баймағамбетов | – | (1920-1943 жж.) Кеңес Одағының Батыры. |
| 366. | Қажыбек Алғамбаров | – | (1920-2006 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1941 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, соғысқа аттанған. Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін Отан соғысының I дәрежелі, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталған. |
| 367. | Кәмен Оразалин | – | (1920-2008 жж.) Қазақтың көрнекті жазушысы, абайтанушы, мұхтартанушы. «Көктем салқыны», «Кәмен», «Ақжазық», «Абайдан соң» романдарының авторы. |
| 368. | Рамазан Қабылов | – | (1920-2000 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері, педагог-ағартушы, Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі. «II дәрежелі Отан соғысы» орденінің, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков», т.б. медальдарының иегері. |
| 369. | Тұтқабай Әшімбаев | – | (1921-1983 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері, педагог-ағартушы. «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз» ордендерінің, медальдардың иегері. |
| 370. | Тауман Амандосов | – | (1921-1991 жж.) Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері. Қазақ кеңес журналистикасының тарихы мен теориясын және алғашқы публицистерінің шығармашылығын зерттеп, осы бағытта 100 баспа табақтан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | артық ғылыми еңбек жариялаған қайреткер ғалым-қаламгер. |
| 371. | Салық Зиманов | – | (1921-2011 жж.) Қоғам және мемлекет қайраткері, заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор. |
| 372. | Ұялбай Нүсіпов | – | (1921 ж.ш., - ө.ж. белгісіз) Қазақтын бірінші камералық оркестірін ұйымдастырушысы. Фаготшы, музыкант, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі. |
| 373. | Асанбай Асқаров | – | (1922-2001 жж.) Социалистік Еңбек Ері. Көп жылдар КОКП және Қазақстан КП-сының Орталық Комитетінің мүшесі, КСРО және Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты. |
| 374. | Әзілхан Нұршайықов | – | (1922-2011 жж.) Қазақстанның халық жазушысы. |
| 375. | Күлпаран Жанетова | – | (1921-2010 жж.) Социалистік Еңбек Ері. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Бірнеше мәрте Алматы қалалық Қеңесінің депутаты болған. |
| 376. | Рафика Нұртазина | – | (1921-2013 жж.) Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-нің халық білімінің үздігі, «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері. |
| 377. | Тұрсынхан Әбдірахманова | – | (1921-2003 жж.) Белгілі қазақ ақыны, филология ғылымдарының докторы (1981), Қазақстанның халық жазушысы. |
| 378. | Мұқаш Кенбаев | – | (1921-2014 ж.ж.) Байғанин ауданында 35 жыл бойы оқу орнын басқарған, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосқан ардагер ұстаз. Ақтөбе облысының құрметті азаматы, «Қызыл жұлдыз» ордені, «Еңбек қызыл ту» орденінің мегері. |
| 379. | Мәншүк Мәметова | – | (1922-1943 жж.) Кеңес Одағының Батыры. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 380. | Сырбай Мәуленов | – | (1922-1993 жж.) Ақын. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. |
| 381. | Шолпан Жандарбекова | – | (1922-2005 жж.) актриса, Қазақстанның халық әртісі. |
| 382. | Сафуан Шаймерденов | – | (1922-2007 жж.) Қазақстанның халық жазушысы. |
| 383. | Хиуаз Доспанова | – | (1922-2008 жж.) Ұлы Отан соғысының майдангері, әскери ұшқыш, Халық Қаһарманы. |
| 384. | Айтпай Алмағамбетов | – | (1922-2014 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері. «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендері иегері.<br>Бас қолбасшы Сталиннің өз атынан жіберілген 13 арнаулы құттықтау хатын алған ардагер. |
| 385. | Талғат Бигелдинов | – | (1922-2014 жж.) Кеңес Одағының екі мәрте батыры. |
| 386. | Роза Бағланова | – | (1922-2011 жж.) Қазақстанның және бұрынғы КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы. |
| 387. | Сергей Елистратов | – | (1923-1947 жж.) Кеңес Одағының Батыры. Сталинград, 2-ші Украин майдандарының құрамында шайқасқа қатысқан. |
| 388. | Өтебай Қанахин | – | (1923-1990 жж) Белгілі журналист. «Ара» журналында бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, «Жазушы» баспасында бас редактор, Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық редакциялық алқасының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1 дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерінің иегері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 389. | Тахауи Ахтанов | – | (1923-1994 жж.) Белгілі жазушы. |
| 390. | Нұрсұлу Тапалова | – | (1923-1998 жж.) Прима, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, дарынды биші. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қазақ балет, би өнерінің дамуына зор үлес қосқан |
| 391. | Кемел Тоқаев | – | (1923-1986 жж.) Жазушы. Детектив жанрының көшбасшысы. |
| 392. | Әскен Нәбиев | - | (1923-2012 жж.) Жазушы-журналист, екінші дүниежүзілік соғыстың жауынгері. |
| 393. | Әмен Қайдаров | – | (1923-2015 жж.) Қазақ мультипликация өнерінің негізін қалаушы. |
| 394. | Мұзафар Әлімбаев | – | (1923-2017 жж.) Жазушы. |
| 395. | Сұлтанахмет Қожықов | – | (1923-1988 жж.) Белгілі қазақ кинорежиссеры. |
| 396. | Бикен  Римова | – | (1923-2000 жж.) Қазақ ССР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты. |
| 397. | Сайым Балмұқанов | – | (1923-2014жж.) Ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Халықаралық Бейбітшілік сыйлығының лауреаты (Жапония, 1997), 2 мәрте Ленин орденімен марапатталған |
| 398. | Иманғали Білтабанов | – | (1925-1945жж.) Кеңес Одағының Батыры. |
| 399. | Балғабек Сүлейменов | – | (1924-1978 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері, «Социалистік Еңбек Ері», «Ленин» орденінің, Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесінің күміс және қола медальдарының иегері. |
| 400. | Нағымбек Нұрмұхаммедов | – | (1924-1986 жж.) Белгілі кескіндемеші, өнертану ғылым кандидаты, Қазақ КСР-інің халық суретшісі. Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік сыйлығының иегері. «Құрмет белгісі», 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапталған. |
| 401. | Зейнел-Ғаби Иманбаев | – | (1924-1987 жж.) Жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. |
| 402. | Рақымжан Қошқарбаев | – | (1924-1988 жж.) Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа ту тіккен батыр, Халық Қаһарманы. |
| 403. | Бердібек Соқпақбаев | – | (1924-1991 жж.) Қазақ балалар жазушысы. |
| 404. | Әйткеш Толғанбаев | – | (1924-1995 жж.) Скрипкашы, Қазақстандағы кәсіби скрипка мектебінің негізін салушы. |
| 405. | Сәрсенғали Ешбаев | – | (1924-1997жж.) Кеңес Одағының батыры. |
| 406. | Халел Арғынбаев | – | (1924-1998 жж.) Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. |
| 407. | Саламат Шалабаев | – | (1924-2000 жж.) Белгілі геолог-мұнайшы, ғалым, геология-минерал.ғылымдарының докторы. |
| 408. | Сағадат Нұрмағанбетов | – | (1924-2013 жж.) Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, «Халық Қаһарманы». |
| 409. | Кемел Ақышев | – | (1924-2003 жж.) Археолог, тарих ғылымдарының докторы, қазақ археология ғылымының негізін қалаушыларының бірі. |
| 410. | Зердебай Бекарыстанұлы | – | (1924-2004 жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері, педагог-ағартушы, Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі. «ІІІ дәрежелі Даңқ», « І дәрежелі Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерінің, медальдардың иегері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 411. | Шона Смақанұлы | – | (1924-1988 жж.) Ақын, сықақшы. |
| 412. | Сейдәлім Тәнекеев | – | (1924-2017 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері. Алматы облысының Шонжы кентінде дүниеге келген. |
| 413. | Әбдуәли Қайдар | – | (1924-2019 жж.) ғалым. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазақ ССРнің Еңбегі сіңген ғылым қайраткері. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Академигі. Филология ғылымының докторы, профессор. Халықаралық Қазақ тілі қоғамының президенті. Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері. Түркітану ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі. |
| 414. | Рәбиға Сыздық | – | (1924-2020 жж) Қазақ тіл білімі маманы, филология ғылымдарының докторы. Сөз тарихына, сөз әсемдігіне, сөз сазына, қолданылу мәдениетіне талдау жасаған ғалым. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Есімі Қазақ ССР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылған. (1981), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. |
| 415. | Әлия Молдағұлова | – | (1925-1944 жж.) Кеңес Одағының Батыры. |
| 416. | Ғаяз Кушаев | – | (1925-1992 жж.) археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның оқу-ағарту ісінің үздігі. «*Қызыл Жұлдыз*» орденімен марапатталған. |
| 417. | Махмед Қайырбаев | – | (1925-1996 жж.) Кеңес Одағының Батыры. «Александр Невский ордені», «Октябрь Революциясы» орденімен, төрт рет «Қызыл Ту Еңбек» орденімен марапатталды. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 418. | Нұрғиса Тілендиев | – | (1925-1998 жж.) КСРО және Қазақстанның халық әртісі, күйші, композитор. |
| 419. | Әбілахат Есбаев | – | (1925-1976 жж.) Қазақ композиторы. 240-қа жуық ән мен романстардың, спектакльдер музыкаларының авторы. Бүкілодақтық ән конкурсының лауреаты. |
| 420. | Евней Бөкетов | – | (1925-1983 жж.) Көрнекті ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик. |
| 421. | Қуандық Шаңғытбаев | – | (1925-2001 жж.) Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы, ақын. |
| 422. | Гүлфайрус Тастанбекова | – | (1925-2005 жж.) Белгілі педагог, ұстаз. Алматы қаласында дүниеге келген. |
| 423. | Самат Бакиров | – | (1925-2005 жж.) Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері, КСРО ІІМ генерал-майоры, Қостанай қаласының Құрметті азаматы |
| 424. | Хакімжан Наурызбай | – | (1925-2009 жж.) Мүсінші, Қазақстанның халық суретшісі, ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін салушылардың бірі. |
| 425. | Дәнеш Рақышев | – | (1926-1992 жж.) Әнші, композитор. Қазақстанның халық әртісі, әндері «Қазақтың 1000 әні» Мәдени мұра бағдарламасы аясында шығарылған күйтабаққа енгізілген. |
| 426. | Бәкір Тәжібаев | – | (1926-1994 жж.) Белгілі ақын, драматург, әнші, сазгер. |
| 427. | Ермек Серкебаев | – | (1926-2013 жж.) Әнші, актер, КСРО Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері. |
| 428. | Қолғанат Тоқбаев | – | (1926-2005 жж.) Металлург, Социалистік Еңбек Ері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 429. | Фатима Балғаева | – | (1926-2005 жж.) Қобызшы, Қазақстанның халық әртісі. |
| 430. | Ғазиза Жұбанова | – | (1927-1993 жж.) Халық әртісі, сазгер. |
| 431. | Шаһмардан Есенов | – | (1927-1994 жж.) Ғалым. Қазақстан Ұлттық академиясының академигі, геология ғылымының докторы, профессор. |
| 432. | Мағауия Хамзин | – | (1927-2000 жж.) Домбырашы, күйші-композитор, шертпе күйді шебер орындаушылардың бірі. Қазақстанның халық әртісі. |
| 433. | Аманжол Шәмкенов | – | (1927-2004 жж) «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінде, Қазақ КСР Радио комитетінде, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істер жөніндегі мемлекеттік комитеті көркем әдебиет редакциясында, «Жазушы» баспасында Бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау бюросында директордың міндетін атқарды. Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, «Ерен енбегі үшін» медалімен марапатталған. |
| 434. | Төлепбек Назарбеков | – | (1927-2004 жж.) Түркістан, Созақ аудандарының, Шымкент қаласының, Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы». Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту, екі рет «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. |
| 435. | Зейнолла Қабдолов | – | (1927-2006 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 436. | Естай Мырзахметов | – | (1927-2008 жж.) жазушы, публицист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. |
| 437. | Мұса Асайынов | – | (1927-2008 жж.) жазушы, публицист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. |
| 438. | Рахманқұл Бердібай | – | (1927-2012 жж.) Әдебиеттанушы ғалым, фольклор зерттеушісі, сыншы. |
| 439. | Қанапия Телжанов | – | (1927-2013 жж.) Кескіндемеші, қазақ монументті кескіндеме өнерінің негізін салушылардың бірі, педагог, қоғам қайраткері, Қазақ КСР-інің және КСРО-ның халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының корреспондент мүшесі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі. |
| 440. | Шамғон Қажығалиев | – | (1927-2015 жж.) Белгілі дирижер, Қазақстанның халық әртісі. |
| 441. | Тұрсынбек Кәкішев | – | (1927-2015 жж.) Әдебиетші, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор. |
| 442. | Нұрмұхан Жантөрин | – | (1928-1990 ж.ж.) Актер, режиссер. Қазақ КСРнің Халық әртісі. Қазақ КСР-ның Мемлекеттік сыйлығының иегері. |
| 443. | Ғафу Қайырбеков | – | (1928-1994 жж.) Халық жазушысы. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. |
| 444. | Вильгельм Витковский | – | (1928-2005 жж.) «Еңбек Ері» медалінің иегері. Іле ауданының құрметті азаматы. 1936 жылы отбасымен репрессияға ұшырап, 1953 жылға дейін мемлекеттік есепте тұрған. Бірнеше рет аудандық кеңес мүшесі, Іле аудандық Кеңесінің және Қазақ ССР мұғалімдер сьездінің депутаты, ҰОС және еңбек ардагерлер Кеңесінің орынбасары болып сайланған. |
| 445. | Мақтай Сағдиев | – | (1928-2012 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 446. | Роза Жаманова | – | (1928-2013 жж.) Опера әншісі, КСРО халық әртісі, Қаз.ССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты. |
| 447. | Елеу Көшербаев | – | (1929-1993 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. |
| 448. | Ізтай Мәмбетов | – | (1929-1974жж.) Ақын, журналист, аудармашы. |
| 449. | Шәмші Қалдаяқов | – | (1930-1992 жж.) Қазақстанның халық әртісі, композитор. |
| 450. | Әнуар Әлімжанов | – | (1930-1993 жж.) Жазушы. |
| 451. | Еркін Әуелбеков | – | (1930-1999 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері. |
| 452. | Сәдуақас Темірбеков | – | (1930-2013 жж.) ғалым, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері. |
| 453. | Мұқағали Мақатаев | – | (1931-1976 жж.) Қазақтың лирик ақыны. |
| 454. | Өзбекәлі Жәнібеков | – | (1931-1998 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. |
| 455. | Манаш Қозыбаев | – | (1931-2002 жж.) ҚР ҰҒА академигі. Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері. |
| 456. | Өмірбек Байділдаев | – | (1932-1997 жж.) Композитор. 70-ке жуық лирикалық әндер мен 80-жуық жасөспірімдерге арналған әндер, хорлар, көптеген симфоникалық шығармалардың авторы. |
| 457. | Әзірбайжан Мәмбетов | – | (1932-2009 жж.) Қазақстандық және бұрынғы Совет одағының театр, кино және опера режиссері, КСРО және Қазақстанның халық әртісі. |
| 458. | Еркеғали Рахмадиев | – | (1932-2013 жж.) белгілі композитор, КСРО халық әртісі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 459. | Кәкімбек Салықов | – | (1932-2013 жж.) Белгілі ақын, қоғам қайраткері. |
| 460. | Сабыр Арыстанбаев | – | (1932-2015 жж) Қазақ КСР еңбек сіңірген гидротехнигі. «Құрмет белгісі» және «Халықтар Достығы» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен және медальдармен марапатталған. |
| 461. | Шерхан Мұртаза | – | (1932-2018 жж.) жазушы, журналист, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы. |
| 462. | Шот-Аман Уәлиханов | – | (1932-2021 ж.ж.) Сәулетші, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген сәулетшісі, профессор, Шығыс елдері Халықаралық сәулетші академиясының академигі. |
| 463. | Шайқып Құрмантаев | – | (1933-2007 жж.) Еңбек Ері. Ауылшарушалығының дамуына өзіндік үлес қосқан. 1977-1984 жж. Кеген аудандық атқару комитетінің төрағасы, аудандық, облыстық партия комитетінің пленум мүшесі, депутаты. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденінің иегері. |
| 464. | Рамазан Нұржанов | – | (1933-2011 жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері. «Еңбек қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерінің, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» медальдарының иегері. |
| 465. | Мұстафа Матаев | – | (1933-2018 жж.) ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының Құрметті академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Заң саласында 8 кандидаттық диссертация қорғаған. Философия ғылымдарының кандидаты, Қызылорда қаласының және Қазалы ауданының Құрметті азаматы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 466. | Сағи Жиенбаев | – | (1934-1994 жж) Ақын. «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында аға редактор қызметтерін атқарды. «Қарлығаш», «Сыйлық», «Қыр гүлі», «Сырлы теңіз», «Қайырлы таң», «Ақ толқын», «Көктем самалы» өлең кітаптары шыққан. |
| 467. | Малғаждар Әубәкіров | – | (1934-1996 жж.) Композитор, дирижёр, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. |
| 468. | Қалаубек Тұрсынқұлов | – | (1934-2004 жж.) Жазушы. Якут АССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. |
| 469. | Сәкен Жүнісов | – | (1934-2006 жж.) Белгілі жазушы. |
| 470. | Герольд Бельгер | – | (1934-2015 жж.) Жазушы, сыншы, аудармашы, публицист, әдебиет зерттеушісі және қоғам қайраткері. Қазақстанның халық жазушысы. |
| 471. | Жұмекен Нәжімеденов | – | (1935-1983 жж.) Ақын, жазушы. Қазақстан Республикасы Гимнінің авторы. |
| 472. | Кеңес Нұрпейісов | – | (1935-2007 жж.) Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. |
| 473. | Қадыр Мырза Әлі | – | (1935-2011 жж.) Ақын, Қазақстанның халық жазушысы. |
| 474. | Тұманбай Молдағалиев | – | (1935-2011 жж.) Көрнекті қазақ ақыны. |
| 475. | Қалихан Ысқақов | – | (1935-2014 жж.) Жазушы қазақ прозасының қара нары атанған жазушы, сыншы, драматург, аудармашы. |
| 476. | Құлжабай Қасымов | – | (1935-2014 жж.) Физика, математика ғылымдарының докторы, академик. |
| 477. | Мақсот Құсайынов | – | (1936-1996 жж) Еліміздің оқу ағарту саласына еңбек сіңірген азамат. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 35 жыл Ақтөбе облыстық мектеп-интернатының директоры қызметін атқарды. 1991 жылы республикада алғаш болып дарынды балаларды оқытудың тұжырымдамасын тәжірибеге енгізді. «Білім беру саласының озаты», «ҚР Халыққа білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкері». |
| 478. | Жанша Таңқыбаев | – | (1936 – 2004 жж.) Кеңестік Қазақстанның көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері. |
| 479. | Қайреден Қарбаев | – | (1936-2008 ж.ж.) Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері. |
| 480. | Зылиха Тамшыбаева | – | (1936-2010 жж.) Социалистік Еңбек Ері. |
| 481. | Төлепберген Тобағабыл | – | (1936-2015 жж.) Жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. |
| 482. | Төлеген Айбергенов | – | (1937-1967 жж.) Белгілі ақын. |
| 483. | Нұрлыхан Бекбосынов | – | (1937 -2016жж.) Даңқты энергетик, мұнайшы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Мұнай өнеркәсібінің Үздігі. КСРО Жоғары Кеңесінің халық депутаты. |
| 484. | Ұзақбай Қараманов | – | (1937 -2017 жж.) Мемлекет қайраткері. |
| 485. | Адырбек Сопыбеков | – | (1937-2016 жж.) Ақын, жазушы, журналист. |
| 486. | Геннадий Зенченко | – | (1937-2016 жж.) Қазақстанның Еңбек Ері. |
| 487. | Асқар Сүлейменов | – | (1938-1992 жж.) Жазушы, әдебиет сыншысы, драматург. |
| 488. | Мүлкаман Қалауов | – | (1938-2004 жж.) Ақын, күйші, профессор, Қазақстанның еңбегі сіңірген мәдениет қызметкері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 489. | Шәкен Ниязбеков | – | (1938-2014 жж.) Белгілі суретші, Қазақстанның Мемлекеттік Туының авторы. |
| 490. | Әбілсейіт Айқанов | – | (1938-2015 жж.) Палуан, еркін күрестен КСРО чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. |
| 491. | Кенжеғали Сағадиев | – | (1938-2020 жж.) Экономист-ғалым. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері. |
| 492. | Совет Масғұтов | – | (1939-1978 жж.) журналист, Қазақ телевизиясының алғашқы дикторы. |
| 493. | Мұрат Айтхожин | – | (1939-1987 жж.) Ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, академик. |
| 494. | Бақыт Қарабалина | – | (1939-1991 жж.) Домбырашы, Қазақстанның халық әртісі, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры. |
| 495. | Шайсұлтан Шаяхметов | – | (1939-2000 жж.) Мемлекет, ғылым және қоғам қайраткері. Халықаралық шығармашылық академиясының толық мүшесі, ҚазССР, ҚР Білім министрі. |
| 496. | Фариза Оңғарсынова | – | (1939-2014 жж.) Қазақстанның халық жазушысы, ақын. |
| 497. | Болат Әбдікәрімов | – | (1939-2014жж.) Педагогика ғылымдарының докторы, профессор. 200-ге жуық ғылым еңбектің авторы. |
| 498. | Әбіш Кекілбайұлы | – | (1939-2015 жж.) Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 499. | Балдырған Мұстапаева | – | (1939-2016 жж.) Социалистік Еңбек Ері. Қызылорда облысы, Қызылорда қаласының Қараөзек ауылында дүниеге келген. |
| 500. | Сейілбек Шаухаманов | – | (1939-2018 жж.) Кеңес Одағы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттерінің мүшесі, Қазақ КСР-ның халық депутаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚР Парламентінің сенаты болды.<br>«Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат», «Халықтар достығы», ордендерімен, «Еңбек ардагері», «Ы. Алтынсарин» және т.б. медльдардың иегері. |
| 501. | Жағыпбар Зермұхамедов | – | (1940-2004 ж.ж.) Ардагер ұстаз, ел қалаулысының есімі «Шежірелі Шиелі» атты энциклопедиялық тарихнамаға енді. «КСРО және Қазақ КСР білім ісінің үздігі» белгілерімен «Еңбек ардагері», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Астана» медальдарымен марапатталған. |
| 502. | Есенбай Дүйсенбайұлы | – | (1940-2011жж.) Ақын, журналист, аудармашы. 1996 жылы Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлығының лауреаты. 1990 жылы «Үшбұлақ» жыр кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының І. Жансүгіров атындағы сыйлығы берілген. Ақтөбе қаласының, Байғанин ауданының құрметті азаматы. |
| 503. | Әлмұхан Исақ | – | (1940-2011жж.) Мемлекет және қоғам қайраткері, саясаткер, публицист. |
| 504. | Карл Байпақов | – | (1940-2018 жж.) тарихшы, археолог-ғалым, академик, қоғам қайраткері. |
| 505. | Ескендір Хасанғалиев | – | (1940-2021 ж.ж.) Әнші, композитор, музыкант. Қазақ КСР-нің Халық артисі. |
| 506. | Еділ Ерғожин | – | (1941-2020 жж.) Ғалым, Химия ғылымының докторы, профессор. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері. |
| 507. | Мұрат Саламатов | – | (1942-1999 жж.) Мұнай саласының ардагері. Алғаш еңбек жолын «Ақтөбемұнайбарлау» тресі мұнай барлау экспедициясында бұрғылау жұмысшысы болып бастаған. Еліміздің, сондай-ақ, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына және сырттан келетін инвестиция тартуда еңбегі зор.<br>1995-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары, 1997 жылы «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының бірінші вице-президенті қызметін атқарған. |
| 508. | Ақселеу Сейдімбек | – | (1942-2009 жж.) Белгілі ғалым, жазушы, қаламгер, этнограф, қоғам қайраткері. |
| 509. | Дүкенбай Досжан | – | (1942-2013 жж.) Жазушы, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Парасат және Құрмет ордендерінің иегері. |
| 510. | Қажығали Мұханбетқалиұлы | – | (1942-2020 жж.) Белгілі жазушы, әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлық лауреаты. |
| 511. | Сағила Есенжолова | – | (1942-2020 ж.ж.) Социалистік Еңбек Ері, сауыншы. |
| 512. | Оралхан Бөкей | – | (1943-1993 жж.) Жазушы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты. |
| 513. | Кәмшат Дөненбаева | – | (1943-2017 жж.) Ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан қайраткер, тың игеруші, танымал механизатор, Социалистік Еңбек Ері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 514. | Әнуарбек Байжанбаев | – | (1944-1989 жж.) Диктор, Қазақстанның халық әртісі. 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Алғаш эфирге шағын хабарландыру оқып шыққаннан (1944 ж.) бастап өмірінің соңына дейін Қазақ радиосында, теледидарында (1958—1962) диктор, аға диктор болып қызмет атқарған. |
| 515. | Еламан Шаханов | – | (1944-2012 жж.) Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының еңбек сіңген қайраткері |
| 516. | Рахымжан Ділбарханұлы | – | (1945-2016 жж.) Қазақстан Республикасы Медицина ғылымдары академиясының мүше-корреспонденті, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор. 1964 жылы Ташкент қалалық медицина училищесін бітірген. «Қазақ КСР Жоғары мектебінің құрметті жұмыскері», «КСРО денсаулық сақтау үздігі», «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған. |
| 517. | Құман Тастанбеков | – | (1945-2017 жж.) Қазақстанның халық әртісі. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты. «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері. |
| 518. | Бауыржан Жүнісов | – | (1946-2003 жж.) Ауылшаруашылығы дамуына үлес қосқан. КСРО Халық шаруашылығы жетістігі көрмесінің күміс медалі, Қаз КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сондай-ақ «Құрмет белгісі» орденін иегері. 1984 ж Қаратал ұжымының төрағасы болды. Сол жылдары 100 ден астам тұрғын үй, мектеп, мәдениет үйі, сауда дүкендері, қоймалар, мал бордақылау орындары, құс өсіретін фермалар, мейманхана салғызып, өз ісіне шебер екендігін көрсетті. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 519. | Қаршыға Ахмедияров | – | (1946-2010 жж.) Күйші-домбырашы, Қазақстанның халық әртісі. |
| 520. | Сұлтанғали Шүкіров | – | (1946-2012 жж) Иллюзия өнерінің талантты тұлғасы, эстрада-цирк, иллюзия өнерін қазақ топырағында дамытуға зор үлес қосқан дарын иесі. Чехияның Карловы Вары мен Францияның Париж қалаларында, Брюссельде бүкіл дүние жүзі сиқыршы-иллюзианистерінің байқауында «Гран-При» жүлдесіне ие болған. Мәскеу қаласында Бүкілодақтық эстрада артистерінің, Гаванада өткен жастар мен студенттердің бүкіл дүниежүзілік 11-фестивалінің лауреаты атанған. Бүкілодақтық Комсомол сыйлығының иегері. |
| 521. | Кеңес Дүйсекеев | – | (1946-2020 жж.) Композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Парасат, Құрмет ордендерінің иегері. Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры. |
| 522. | Жұматай Сабыржанұлы | – | (1947-2002 жж.) Елімізге белгілі журналист, жазушы. |
| 523. | Құдайберген Сұлтанбаев | – | (1947-2010 жж.) Актер, қоғам қайраткері. Қазақстанның халық әртісі. |
| 524. | Әшірбек Сығай | – | (1947-2014 жж.) Көрнекті театр сыншысы, аудармашы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. |
| 525. | Нұрлан Балғымбаев | – | (1947-2015 жж.) ҚР Көрнекі саяси және мемлекет қайраткері. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қызметін атқарған. |
| 526. | Әнуарбек Боранбаев | – | (1948-1999 жж.) Актер, Қазақстанның халық әртісі. |
| 527. | Орал Мұхамеджанов | - | (1948-2013 жж.) Мемлекет және қоғам |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қайраткері. |
| 528. | Нарғозы Данаев | – | (1948-2019 жж.) ҚР Инженер және Халықаралық инженер академиясының академигі. Белгілі ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. |
| 529. | Байқожа Мұқай | – | (1948-2008 жж.) Жазушы, драматург |
| 530. | Жәнібек Кәрменов | – | (1949-1992 жж.) Әнші, жазушы, қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі. |
| 531. | Құрманай Шарипова | – | (1949-1994 жж) Бүкілодақтық «Алло, біз таланттарды іздейміз» байқауының лауреаты. «Дос-Мұқасан» тобында, қыздар педагогикалық институты жанындағы «Айгүл» квартетінде әнші болған. Құрманайдың ән орындау шеберлігін М.Таривердиев тарапынан ерекше атап өткен. Ол туралы жапонның «Махаббат жазы» кинофильмінде де айтылған. |
| 532. | Марат<br>Оспанов | – | (1949-2000 жж.) Қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Парламентінің спикері. Қаржы және бюджет, салық т.б. экономикалық салаларға арналған 100-ден астам ғылыми мақала, 8 монографияның авторы. |
| 533. | Владимир Матвиенко | – | (1949-2015жж.) Классикалық күрестен спорт шебері, «Астана», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, «Дене шынықтыру мен спорттың дамуына қосқан еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған және оған «Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері», «Бүкілодақтық санаттағы судья», Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Қостанай қаласының құрметті азаматы». |
| 534. | Нұрлан Батпенов | – | (1949-2020 жж.) Медицина |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ғылымдарының докторы, профессор. Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаушы және алғашқы директоры, жоғары біліктілік санатты травматолог-ортопед дәрігер, Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлық лауреаты, ҚР ҰҒА академигі. |
| 535. | Әшімжан Ахметов | – | (1950-2012 жж.) Жамбыл облысы, шу ауданында дүниеге келген. Техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық инженерлік академиясының академигі. |
| 536. | Орынбасар Абибуллаев | – | (1950-2017 жж.) «ҚР білім беру ісінің үздік қызметкері». Отыз жылға жуық білім беру мекемелерін басқарған тұлға. Облыстық ақсақалдар алқасының мүшесі ретінде облыс көлемінде мемлекеттік саясаттың басымдықтарын түсіндіріп, елді ортақ игі істерге жұмылдыруда зор үлес қосқан. «Р*ухани жаңғыру*» бағдарламасының аясында «Туған ел» бағытының іс-жүзінде жүзеге асуына, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына қол ұшын беріп, олардың жағдайын жақсартуға өзіндік зор үлесін қосқан. |
| 537. | Амангелді Ғұбайдуллин | – | (1951-1996 жж.) Табиғи талант, елімізге белгілі дауылпаз әнші. Дәстүрлі ән өнерінде даңғылы бар дарын иесі. Батыс дәстүрлі әншілік мектебінің жалғастырушысы. Мұхит, Ғарифолла Құрманғалиевтің ізін жалғаушы дәстүрлі өнердің көрнекті өкілі. |
| 538. | Тұяқберді Шәмелов | – | (1951-2012 жж.) Композитор, күйші, Қазақстанның халық әртісі, Құрмет орденінің иегері. |
| 539. | Жақсылық Үшкемпіров | – | (1951-2020 жж.) Грек-рим күресінің палуаны, спорт шебері, Халықаралық спорт шебері, Еңбек сіңірген спорт шебері, алтын медальге иеленген қазақтан шыққан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тұңғыш Олимпиада чемпионы. |
| 540. | Әшім Аубакиров | – | (1952-2020 жж.) Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы іргелі және клиникалық медицина академиясының академигі. |
| 541. | Мұстафа Өзтүрік | – | (1954-1995 жж.) Белгілі спортшы, ҚР таэквондо (WTF) федерациясының негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы. |
| 542. | Рахымжан Отарбаев | – | (1956-2018жж.) Жазушы, драматург. Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Шыңғыс Айтманов атындағы академиясының академигі. |
| 543. | Камиль Сафин | – | 1959-2013 жж.) Белгілі спортшы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Бокстан КСРО чемпионы. |
| 544. | Қанат Байшолақов | – | (1961-2010 жж.) Атақты балуан, самбо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Әлем чемпионы. Қазақстанның 5 дүркін чемпионы КСРО кубогының 2 дүркін жеңімпазы. |
| 545. | Әзімбек Жанкұлиев | – | (1962-2003 жж.) Айтыскер-ақын, интернационалист-жауынгер. |
| 546. | Батырхан Шүкенов | – | (1962-2015 жж.) Қазақстандық және ресейлік эстрада әншісі, сазгер. |
| 547. | Асқар Шайхиев | – | (1963-2000 жж.) Палуан, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері. Қазақстан және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. КСРО чемпионы және екі рет күміс жүлдегері. Әлем кубогының иегері Әлем чемпионы. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 548. | Анатолий Храпатый | – | (1963-2008 жж.) 1976 жылдан КСРО-ға еңбегі сіңген спорт шебері. Бірнеше мәрте Европа және әлем чемпионы атақтарының иегері және рекордшысы, Олимпиада чемпионы. Оның есімі Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген. |
| 549. | Бауыржан Бейсенов | – | (1963-2017 жж.) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі. Жоғары санаттағы дәрігер. Көптеген ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, еліміздегі нейрохирургия саласының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген ізденімпаз мамандардың бірі болатын. 2011 ж. «Гиппократ» және «Н.И.Пирагов» ордендері (РФ, Москва), 2011 ж. «Алтын Дәрігер» төс белгісімен және 2012 ж. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төс белгісімен лайықты марапатталған. |
| 550. | Сайрамбай Дөненбаев | – | (1965-2020 жж.) Қазақстанның Еңбек Ері. Қазақстандық шаруашылық қайраткері, кәсіпкер, меценат. |
| 551. | Қайрат Рысқұлбеков | – | (1966-1988жж.) Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, Халық Қаһарманы. |
| 552. | Нұржан Қалиасқаров | – | (1966-1994 жж.) Қоғам қайраткері, Желтоқсан оқиғасының қатысушысы. |
| 553. | Серікбол Қондыбай | – | (1968-2004 жж.) Қазақтың өлкетанушы, географ, публицист, этнограф-ғалымы. |
| 554. | Ғазиз Байтасов | – | (1971-2011 жж.) Халық қаһарманы. Полиция капитаны, Тараз қаласында қауіпті лаңкес қылмыскерді ұстау барысында қайтыс болды. |
| 555. | Саят Абеев | – | (1975-2010 жж.) Бомба қоймасында өртті сөндіру кезінде қайғылы қаза тапқан өртке қарсы қызметінің аға лейтенанты. |